

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Экономикадағы мұндай жетістіктердің себебі – жаңарған әлемдік технологияны игергендіктен де емес, ішкі мүмкіндіктерді пайдаланып, еңбек өнімділігін арттырудан да емес, Кеңес мемлекетінің әккі отаршылдық саясатының нәтижесі еді [7].

Кеңес Одағының соңғы жиырма жылында ұлт мәселесі бұрынғыдан да шиеленісе түсті. өйткені елді милитаризациялау, табиғи байлықты тағылық әдіспен пайдалану, ұлт аймақтарының байлығын метрополия мүддесіне бағындыру ашық жүргізілді. Ұлт өміріне келеңсіз құбылыстар кірді.

Отарлық дәуір мен КСРО кезеңіндегі әдістемеден бас тартып, тарих пәнін оқытудың жаңа әдістерін енгізу ғылыми-педагогикалық бағытта үлкен сұраныс туғызып тұрған мәселе екенін қорытындылай келе айтқым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Тұрлығұлов Т.Т. Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі. – Алматы, 2004.
2. Құнапина К.К. Тарих пәні мұғалімдерінің педагогикалық қызметін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулар. – Алматы, 2000. – 21 б.
3. Хазыретәлі Т. Мектепте тарихты оқыту әдістемесі. – Алматы, 2004.
4. Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: методология, теория и практика форматирования. – Алматы: Алем, 2000. – 380 с.
5. Короткова М.В., Студеникин М.Т. Методика обучения истории в схемах, таблицах, описаниях. – М., 1999.
6. Беспалько В.П. Теория учебника. – Москва: Педагогика, 1988.
7. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М., 1989.

ӘОЖ 93/94

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ АРДАГЕР ДӘРІГЕРДІҢ ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕГІ

Алшыкенова Айгүл Төреханқызы

aigul_alshykenowa@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

2 курс PhD докторанты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – т.ғ.д., профессор Г.Т. Мусабалина

Еліміз үшін аянбай еңбек етіп, өзінің адалдығымен, парасаттылығымен ел жадында жүрген азаматтарының ғибратты ғұмырын көпке үлгі, жастарға өнеге ету - халқымыздың бірегей дәстүрі. Бүгінгі баяндамамыздың кейіпкері, Түркістан облысы мемлекеттік архивінің қор құрушысы, Социалистік Еңбек Ері, жоғары дәрежелі акушер-гинеколог, өз заманында үлкен мәртебе саналатын Кеңес Социалистік Республикалар Одағының Халық депутаты болған Буванова Александра Александровнаның өмір жолы медицина саласын таңдағысы келетін немесе медицина саласында білім алып жүрген жас ұрпақ өкілдеріне тағылым мен тәрбие берері анық.



Сурет 1. Буванова Александра Александровна

Буванова Александра Александровна 1924 жылы 27 мамырда Ресей Федерациясының Воронеж облысы Бондарево селосында дүниеге келген. Әкесі азаматтық соғыс ардагері, теміржол саласында 42 жыл қызмет еткен, анасы үй шаруасында болған. Отбасында 5 ағайынды болған. Үлкен ағасы Ұлы Отан соғысында қан майданда қаза тапқан [1, 1, 1 об, 66].

1931 жылы Орджокинидзе атындағы орта мектепке барып, 1941 жылы жылы аяқтаған. Осы жылы қыркүйек айында Қазақ мемлекеттік медициналық институтына «Емдеу ісі» факультетіне оқуға түскен. 1946 жылы оқуын тәмамдап, жолдамамен Оңтүстік Қазақстан облысының Қызылқұм ауданына қарасты Чардара аудандық ауруханасына бас дәрігер болып барады. 1947 жылы қыркүйек айында Ташкент қаласында «акушерлік гинекология» бағыты бойынша біліктілігін жетілдіріп қайтады. 1948 жылдың ақпан айында Облыстық денсаулық сақтау бөліміне емдеу-профилактикалық секторына инспектор болып тағайындалады. Қосымша Облыстық ауруханада учаскелік врач-терапевт болып жұмыс істейді. Ал 1942 жылдың маусым айынан бастап Чимкент қаласындағы №1 перзентханаға қосымша орналасады.

1950 жылы Облыстық денсаулық сақтау басқармасының инспектор болып ауыстырылып, 1953 жылдың желтоқсанында №1 перзентханаға гинекология, әйелдерге кеңес беру бөлімшесінің меңгерушісі болып тағайындалады [2, 1 б].



Сурет 2. Чимкент қалалық №1 перзентханадағы ұжымдастарымен бірге. 1985ж.

1962-1964 жылдары Облыстық денсаулық сақтау бөлімінің бас акушер-гинекологы болып қызмет атқарады. 1964 жылдың желтоқсанынан 1965 жылдың қыркүйегіне дейін №1 перзентхананың гинекология бөлімшесінің меңгерушісі болып жұмыс жасап, кейіннен аталған перзентхананың бас дәрігері болып тағайындалады. Осы жылы А.Бувановаға «Жоғары дәрежелі акушер-гинеколог» біліктілігі беріледі [3, 1, 66].



Сурет 3. А. Буванова Чимкент облыстық денсаулық сақтау бөліміндегі ұжымдастарымен бірге.

А. Буванова адам жанының арашасы болып қана қоймай, үнемі ізденісте жүрді. Осы мақсатта ол 1961 жылы Москва, Ленинград қалаларында, 1964 жылы Ереван қаласында

акушерлік гинекология бойынша конференциялар мен семинарларға қатысып, біліктілігін жетілдіреді. 1969-1976 жылдары Бүкілодақтық, Бүкілресейлік акушер-гинекологтардың ғылыми кеңесінің мүшелігінде болды. Сонымен қатар, қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып, 1952-1982 жылдары Чимкент қалалық, кейіннен Еңбекші аудандық Кеңесінің депутаты болып сайланады.

Өзінің дәрігерлік қызметінде ауруларды диагностикалау мен алдын алуда озық әдістерді енгізді, ана өлімін жоюға және жүкті әйелдерді диспансерлік бақылаумен толық қамтуға қол жеткізді, көрнекті операциялық хирург болды. 50 жылдық еңбек қызметінде 10 мыңнан астам босанған әйелге көмек көрсетті, әйелдерге шұғыл хирургиялық көмек көрсету бойынша мыңдаған ота жасады [1, 1, 10б, 6б].



Сурет 4. А. Буванова операция жасау барысында.

Еңбегі еленіп, 1961 жылы "Ерен еңбегі үшін" медалімен марапатталған. 1964 жылы "Денсаулық сақтау үздігі" атағына ие болды. Жұмыстағы жоғары жетістіктері үшін 1969 жылы Ленин орденімен және "Орақ пен Балға" алтын медалімен марапатталып, сонымен қатар Кеңес халқының денсаулығын қорғауға қосқан үлесі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1969 жылғы 4 ақпандағы Жарлығымен Буванова Александра Александровнаға «Социалистік Еңбек ері» атағы беріледі. 1984 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталады [4, 1 б].

1997 жылы ол Мәскеу облысының Наро-Фоминск ауданының Апрелевка қаласына, 2013 жылы Мәскеуге көшті. Өмірінің соңғы жылдарын 3 немересі, 4 шөберісінің жанында өткізеді.

Адал еңбекті насихаттау, азаматты еске алып, құрмет көрсету әрі рухына тағзым ету елдіктің, қоғамдық кемелдіктің белгісі. Еңбек ардагерлерінің ғибратқа толы ғұмыры, игілікті істері, еңбек майданындағы жетістіктері тағылымды тәрбие мен өшпес өнегенің қайнары болып қала бермек.

Осы ретте осындай ерен еңбек иелері – аға ұрпақтың еңбек дәстүрін жастардың санасына жеткізіп, оларды аянбай еңбек етуге тәрбиелеудің мәні өте зор. Еліміздің бастан кешкен тарихына зер салсақ, алдыңғы өткен аға буынның еңбек жолында қалыптасқан ізгі дәстүрлері халқымыздың жалпы ұлттық мұрасы, мақтанышы екеніне көз жеткіземіз. Себебі, еңбек – өмір өзегі, бақыт кілті. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген ұлы Абайдың ұлағатты сөзі құнын ешқашан жойған емес, жоймайды да. Біздің еліміздің алға қойып отырған мақсаттарының бірі – қоғамымыздың рухани жаңғыруына қол жеткізудің бір бағыты осындай адал еңбек етудің адам үшін, қоғам үшін, ел үшін алатын орнын дәріптеу, жастардың санасына сіңіру, іспен үлгі болу. Сондықтан жастарды еңбекке баулу арқылы аға ұрпақтың еңбек дәстүрлерінің лайықты ізбасарларын тәрбиелеп, жаңа буын тұлғаларды қалыптастыруға атсалысатынымыз анық. Өнегелі іс өміршең келеді, ол қоғамның дамуымен үндесіп жатады. Осы реттегі әрбір тағылымдық шара жастарды еңбексүйгіштікке, өз мамандығы бойынша шеберлікке үйретуге, олардың бойында игі қасиеттерді қалыптастыруға, ерік-жігерлі болып, білім мен ғылымды игеруге, халқымыздың өнері мен мәдениетін дамытып, ата салтын, ата дәстүрін алға апаратын ұрпақ тәрбиелеуге зор пайдасы тиері сөзсіз. Бала тәрбиесінің ең үлкені – оны еңбекке баулу. Осы орайда қазақтың белгілі жазушысы

Әзілхан Нұршайықовтың «Еңбекшіл жас қана ең үздік азамат болып қалыптасады» деген мағыналы сөзін біз де құптаймыз. Осы баяндамамыз арқылы еңбегімен еленген Буванова Александра Александровнаның өмір жолын, еңбек жолын кейінгілерге үлгі етіп, еңбектің қадір-қасиетін дәріптеудің, еңбек арқылы құрметке бөленген өнегелі өмір иелерін ұлықтаудың маңызы зор. Мұны «Әлемнің әміршісі – еңбек!» деген қанатты сөздің мән-маңызын жаңарған әлемде жастар жадына құя берудің зор мүмкіндігі деуге болады. Ұрпағымызға жақсы үлгі етуге тұратын қажетті де лайықты іс орындалып жатса, бұл біздің рухани жаңғыруымызға қосылған зор үлесіміз дер едім.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Түркістан облысының мемлекеттік архиві (бұдан әрі –ТОМА), №431 қор, 1 тіз., 2 іс, 1, 1об беттер.
2. ТОМА, №431 қор, 1 тіз., 21 іс, 1 бет.
3. ТОМА, №431 қор, 1 тіз., 20 іс, 1 бет.
4. ТОМА, №431 қор, 1 тіз., 18 іс, 1 бет.

ӘОЖ 93/94

ТӘУЕКЕЛ ХАННЫҢ ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ ЖАҢА ҚЫРЛАРЫ МЕН ҚАЙТА ТАЛДАУ

Ахмет Нұрзат Нұршатұлы
nurzatakmet47@icloud.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі Тарих факультетінің студенті
Ғылыми жетекшісі - Мусабалина Г.Т.

Отандық тарихымыздың хандық кезеңінде аты қазірге дейін халық есінде сақталған көптеген ірі де, атақты хандар болған. Солардың бірі әйгілі Шығайдың баласы Тәуекел хан. Тәуекел хан билігі тұсын хандықтың ішкі және сыртқы жағдайының тұрақтала отырып, күшею дәуірімен сипатталады. Тәуекел хан басқа хандардан айырмашылығы оның ерекше де, қызықты өмірі пен билік құрған уақыты. Мәуеренахрдағы билік әулетінің ауысуы, көшпенділердің отырықшы-мәдени регион Мауеренахрға соңғы жалпы ұйымдастырылған жорығы, тағыда басқа осындай ірі саяси оқиғалар Тәуекелдің тікелей қатысуы мен әсерінсіз болмаған. Оның хандық тұсында Қазақ хандығы Орыс мемлекетімен, Ирандағы Сефевидтер және оңтүстіктегі көршісі Шайбанидтермен сауда, дипломатиялық, әскери байланыс орнатқаны туралы тарихи жазбалар да көптеп кездеседі. Сонымен қатар, Тәуекелдің тек билік аспектісінен басқа, оның жеке қасиеттердің айта кеткен жөн. Халық жадында бұл ханның ақыл парасаттылығы, батырлығы, лидерлік тұстары жақсы сақталғаны бізге белгілі.

Тәуекел хан мен оның әкесі Шығай ханның билік тұсында көптеген айтылған мәселелер бар. Бүгінгі менің ғылыми мақаламның мақсаты осы Отандық тарихымызда қалыптасқан ой пікірлерге жаңа жақтан көзқарастар айту. Тауекел, Таукел, Тауке, Тоқай. Шығайдың Йахшим бикемнен туылған баласының есімдері ортағасырлық әдебиеттер мен деректер осындай нұсқаларда кездеседі. Тәуекел арабша Құдай еркіне бағынатын адам дегенді білдіреді.

1582 жылы Хақназардың өлімінен соң хандықтың ішінде қайтадан саяси таққа талас пен тұрақсыздық кезеңі басталады. Бұл тұжырымдаманы Ресейге ноғай ордасынан келген елшілік материал құжаттарында Байкеш Теміровтың сөздерінен көруге болады. «А в Казатцкой орде у улустных людей ныне меж себя рознь. А государя на Казатцкой орде нет, а есть деи у них царевич, да ещо не посажен. А многи из Казатцкой Орды люди разошлися по иным землям, И в Нагай, и в Бухары [1].

М.Абусейтова ойынша, Хақназар ханның өлімінен соң, Абдалла ханның сеніміне ие болуға және де Хақназардың кегін алу мақсатында Шығай өзінің ұлы Тәуекелмен бірге Баба сұлтанға қарсы шығады. Екі жақ арасында Талас бойында шайқаста Шығай Баба сұлтаннан